

Ойыл ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-аналардың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Ойыл ауданының әкімдігінің 2013 жылғы 9 желтоқсандағы № 276 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 23 желтоқсанда № 3717 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 05 қаңтардағы № 1 қаулысымен

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - Ақтөбе облысы Ойыл ауданы әкімдігінің 05.01.2014 № 1 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 "Білім туралы" Заңының 6 бабы 4 тармағының 8-1) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 мамырдағы № 488 "Балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтамасыз ету жөніндегі 2010-2020 жылдарға арналған "Балапан" бағдарламасын бекіту туралы" қаулысын басшылыққа ала отырып аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ойыл ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру мен ата-аналардың ақы төлеу мөлшері осы қаулының 1, 2, 3 қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Қазыбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі:

М. Абдуллин

Ойыл ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 9
желтоқсандағы № 276 қаулысына 1
қосымша

2013 жылғы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

--	--	--

№	Тұрғылықты жердің атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен мектепке дейінгі ұйымдарға орналастырылатын балалар саны (адам)
1	Ойыл ауылы	75
	Барлығы	75

Ойыл ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 9
желтоқсандағы № 276 қаулысына 2
қосымша

2013 жыл бір айдағы жан басына шаққандағы қаржыландыру көлемі

Бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдар		
	Балабақшалар (бөбекжайлар)		
	Сұйық отынмен жылыту	Электр жүйесімен жылыту	
	1 топтан 3 топқа дейін	1 топтан 3 топқа дейін	6 топтан 7 топқа дейін
	23598	20230	20109

Ойыл ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 9
желтоқсандағы № 276 қаулысына 3
қосымша

2013 жыл 1 тәрбиеленушіге күніне ата-аналардың ақы төлеу мөлшері

Мектепке дейінгі ұйымда баланы ұстау ақысының мөлшері (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдар
	Балабақшалар (бөбек-бала бақшалар)
	Ұйымдарда болу ұзақтығымен
	9-10, 5 сағат
	200

Ескертпе: бір тәрбиеленушіге күнге ата-ананың ақы төлеу мөлшері 200 теңгеден артық емес.